

**Тіркелген тарифтерді бекіту туралы**  
**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 Қаулысы**  
*(2015.19.03. берілген өзгерістермен)*

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы [5-бабының 7-2\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге [тіркелген тарифтер](#) бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**  
**Премьер-Министрі**

**К. Мәсімов**

*ҚР Үкіметінің 2015.19.03. № 148 [Қаулысымен тарифтер өзгертілді \(бұр.ред.қара\)](#)*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы  
№ 645 [қаулысымен](#) бекітілген

**Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін**  
**электр энергиясын жеткізуге тіркелген**  
**тарифтер**

Р/с №	Электр энергиясын алу үшін пайдаланылатын жаңартылатын энергия көздерінің технологиясы	Тариф мөлшері, теңге/ кВтсағ. (ҚҚС-сыз)
1	Жел энергиясын түрлендіру үшін қуаты 100 МВт «Астана ЕХРО-2017» жел электр станциясының жобасы үшін тіркелген тарифті қоспағанда, жел электр станциялары	22,68
1-1	Жел энергиясын түрлендіру үшін қуаты 100 МВт «Астана ЕХРО-2017» жел электр станциясы	59,7
2	Қазақстандық кремний (Ka2 PУ) негізінде күн сәулесінің энергиясын түрлендіру үшін фотоэлектрлік модульдерді пайдаланатын күн электр станцияларының жобалары үшін <a href="#">тіркелген тарифті</a> қоспағанда, күн энергиясын фотоэлектрлік түрлендіргіштер	34,61
3	Шағын гидроэлектр станциялары	16,71
4	Биогаз қондырғылары	32,23